

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

№	Қызмет атауы	Функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары	Лот	Өлшем бірлік	Саны
1	Сайт жасау	Сайт құрылымының бөлімдері (су тазарту сүзгілеріне арналған): - Басты бет Компания туралы қысқаша ақпарат, өнімнің артықшылықтары, жаңалықтар мен өзекті ұсыныстар. - Компания туралы Суды тазартуға арналған үшсатылы сүзгінің өндірісі «Су нысандарын тазартуға арналған композициялық сүзгіш материалдар өндірісін коммерцияландыру» жобасы (IPN-DP21681556) аясында С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Ұжымдық қолданыстағы ұлттық ғылыми зертханасы (ҰҚҰҒЗ) базасында жүзеге асырылады. Мұнда келесі жабдықтармен қамтылған жеткілікті материалдық-техникалық база бар: - Композициялық материалдарды өндіруге арналған жабдық – Vertical Double Jacketed Blender V100, 2023 ж. - Әр түрлі конфигурациядағы бұйымдарды алуға арналған кондырғы – Injection Blow Molding Machine MSZ 30, 2022 ж. - Композициялық материалдарды өңдеуге арналған құрылғы – Ultrasonic Homogenizer SCIENTZ-3000F, 2023 ж. - Суды тазарту сүзгілерінің корпустарын өндіруге арналған пресс-формалары бар «L-BW 380» термопласт. - Каталог Өнімдер бөлімі, мұнда сүзгілерді таңдап, сатып алуға болады. Ішкі бөлімдер: - Ішетін суға арналған сүзгілер - Үйге және пәтерге арналған су тазарту сүзгілері - Ағынды үшсатылы сүзгілер - Картридждер мен қосалқы бөлшектер - Көмір сүзгілері - Сүзгіні қалай таңдау керек? Судың құрамына, қолдану мақсатына және бюджетке байланысты сүзгіні таңдау жөніндегі пайдалы кеңестер. - Қызметтер - Сіздің қажеттіліктеріңізге сәйкес сүзгіні таңдау - Жеткізу және орнату - Қызмет көрсету және картридждерді ауыстыру - Судың сапасын талдау - Жаңалықтар - Фильтрация технологиялары және өнім жаңалықтары туралы өзекті ақпарат Жаңалықтар бөліміне қош келдіңіз! Мұнда біз фильтрация саласындағы ең соңғы әзірлемелермен, сондай-ақ үш сатылы ауыз су тазарту фильтрлеріне қатысты өнім жаңалықтарымен бөлісеміз. - Инновациялық материалдар мен өндіріс технологиялары Қазіргі заманғы термопласттарды және ультрадыбыстық өңдеу технологияларын қолдану фильтрлердің жүктемеге төзімділігін арттырып,	Лот 1	дана	1

күрделі пайдалану жағдайларында тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

- Үш сатылы фильтрлердің жаңа үлгілері
Жаңартылған модельдер келесі артықшылықтарға ие:

- Фильтрлеу элементтерінің қызмет ету мерзімі ұзартылған

- Тазарту тиімділігі 99,9%-ға дейін

- Ыңғайлы әрі ықшам дизайн

- Суды фильтрациялаудағы озық технологиялар

Су тазарту саласындағы заманауи зерттеулер

ластаушы заттарды тиімдірек жоюға жаңа

мүмкіндіктер ашады. Ең жаңа композициялық

материалдар суды механикалық қоспалардан, ауыр

металдардан және бактериялардан терең тазалауды

қамтамасыз етеді.

7. Әлемдік

жаңалықтар

Су тазарту саласындағы жаһандық зерттеулер,

инновациялар мен әзірлемелер.

Су – баға жетпес ресурс, ал қазіргі заманғы су тазарту

технологиялары оны баршаға қолжетімді әрі қауіпсіз

ету үшін үнемі жетілдірілуде. Бұл бөлімде біз ең жаңа

әлемдік зерттеулер, алдыңғы қатарлы технологиялар

және су сүзгілеу мен тазарту саласындағы серпінді

жаңалықтар туралы баяндаймыз.

- Болашақ фильтрациясы: бактериялар негізіндегі шешімдер Биофильтрлер зиянды заттарды химиялық реагенттерсіз, табиғи жолмен ыдыратады.

- Экологиялық фильтрлер. Қайта өңделген материалдардан жасалған жүйелер табиғатқа түсетін жүктемені азайтады.

- Автономды жүйелер. Электр энергиясын қажет етпейтін фильтрлер шалғай және тұрмысы төмен аймақтарды сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

- Нанофильтрация және графен мембраналары. Графен су құрамындағы вирустарды және ауыр ластаушыларды молекулалық деңгейде тиімді тазартады.

- Суды тазартудағы жаһандық инновациялар. Жаңа ғылыми-техникалық әзірлемелер миллиондаған адамды таза сумен қамтамасыз етуге көмектеседі.

- Заманауи фильтрация технологиялары: үйіңізге таза су. Қазіргі фильтрлер хлорды, ауыр металдарды, бактерияларды және басқа да зиянды қоспаларды тиімді жояды. УФ-стерилизациясы бар, кері осмос технологиясымен және көміртекті картриджермен жабдықталған модельдер кристалдай таза су береді.

- Жасанды интеллект арқылы су тазарту. AI алгоритмдері мен датчиктер су сапасын талдап, фильтрациялық жүйелердің жұмысын оңтайландырады.

Әлем бір орында тұрмайды — су тазарту технологиялары барған сайын тиімдірек, экологиялық әрі қолжетімді болуда.

- Теңіз суын тұщыландырудың жаңа буыны. Күн энергиясы, электролиз және заманауи осмос жүйелері тұщыландыруды анағұрлым арзан әрі экологиялық етеді.

- Химиялық реагенттерсіз тазарту әдістері. Ультракүлгін сәулелер, электрокатализ және плазмалық өндеу микроағзаларды химиялық заттарды қолданбай жояды.

- Инновациялық мембраналық технологиялар. Ғалымдар вирустарды, бактерияларды және микропластикті жоғары тиімділікпен жоя алатын жаңа наномембрана түрлерін әзірлеуде. Графен

		мембраналары фильтрация жылдамдығын едәуір арттырады. 8. Байланыс Мекенжайлар, телефондар, email, орналасқан жер картасы, кері байланыс формасы. Сайтты тегін техникалық қолдау мерзімі (баптау, ақауларды жою, толықтыру) – 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін. Сайт тілі – қазақ, орыс және ағылшын. Сайт тапсырыс беруші ұсынған акпаратпен толықтырылуы тиіс. Домендік атау тіркеліп, белсенді болуы қажет. Сайттың құрылымы, дизайны және толтырылатын акпараттарын тапсырыс берушімен келісе отырып құру керек.			
2	Әлеуетті сатып алушылардың қатысуымен семинарлар өткізу	Потенциалды сатып алушылардың қатысуымен семинарды ұйымдастыру үшін келесі іс-шараларды әзірлеу қажет: • Семинар бағдарламасы (іс-шараның мақсаты, өткізу форматы, мақсатты аудитория, қатысушыларды тіркеу және т.б.) • Қатысушылар тізімі • Өткізілген іс-шаралар бойынша есеп • Фото Семинарды ұйымдастыру және өткізу тапсырыс берушімен келісілген болуы тиіс. Семинар өткізілетін орын Қазақстан Республикасы аумағында орналасуы қажет. Семинар форматы – аралас (онлайн/офлайн). Семинардың бағдарламасы, қатысушыларын тізімі тапсырыс берушімен алдын ала талқылануы керек. Семинарға қатысушыларға берілетін таратылым материалдарын 5 бөлімде дайындалған таратылым материалдары қолданылуы керек.	Лот 2	дана	2
3	Өнім және (немесе) қызмет туралы бейне (өнім туралы кем дегенде 4 минут бойы дауыстық сүйемелдеумен бейнеролик);	Бейнероликтің мақсаты • өнімге назар аударту • сатылымды немесе өтінімдерді арттыру • өнімнің танымалдығын көтеру • сүзгілердің артықшылықтарын түсіндіру Жалпы параметрлер • бейнероликтің ұзақтығы: кемінде 4 минут, дауыс сүйемелдеуімен Сценарий және раскадровка • түсірілімге дейін сценарийді бекіту • негізгі сәттерді қосу: мәселе – шешім – сүзгі – әрекетке шақыру Техникалық талаптар Камера және жабдық: • жарық көзі (жұмсақ, толықтырғыш, қарсы жарық) • микрофон: петличка немесе камераға орнатылған микрофон Қосымша • Екі тілдегі нұскалар (қазақша/орысша) Түсірілім материалдары мен монтаж жұмыстары тапсырыс берушімен келісілуі керек. Видеоны сырттан дыбыстау нақты, сөйлеу мәнері анық және сөздің тексті тапсырыс берушімен келісілуі керек.	Лот 3	дана	2
4	Көрме моделі;	Макет түрі: Жұмыс істемейтін демонстрациялық үлгі. Макеттің жинақтылығы: • сүзгінің қимадағы корпусы (ішкі құрылымның көрінуі қажет) • ауыстырмалы картридж	Лот 4	дана	1

		• орнықты орнатуға арналған негіз/тіреуіш • акпараттық тақтайша (жобаның атауы) Макеттің өлшемі: 1200×1200 мм Салмағы: 15 кг-ға дейін Пайдалану шарттары: • тек ішкі қолданысқа арналған • температуралық режим: +5...+35 °C • ылғалдылық 80%-дан аспауы тиіс Материалдары: ПВХ, акрил, роумак, винил. Деталировкасы: сүзгілеуші элементтерді өндіру технологиясының тораптарын көрсету. Макет су тазарту сүзгісін дайындау технологиясын толық бейнелеуі тиіс. Макет берік болуы және тасымалдауға әрі демонстрацияға ыңғайлы болуы қажет. Макет корпусы мен әрбір детальдардың түсі мен өлшемдері және қолданылатын материалдары тапсырыс берушінің келісімімен дайындалуы керек.			
5	Таратылатын материалдар	Буклеттің мазмұны Бренд атауы Слоган (мысалы: «Таза су – таза өмір») Логотип және байланыс деректері (телефон, сайт) Өнімнің артықшылықтары: • сенімді материалдар (сертификатталған) • жоғары дәрежелі тазарту • орнату жеңілдігі • үнемділік Қолдану үлгілері: • пәтерлер мен үйлерде • кафе/мейрамханаларда • балабақшалар мен мектептерде Байланыс акпараты: • мекенжай және телефондар • e-mail • сайт Қосымша талаптар: • Буклеттің дизайны және пайдаланылатын иллюстрациялық материалдар тапсырыс берушімен келісу арқылы анықталады. • Тарату материалдары түрлі-түсті және жылтыр қағазға басылып шығуы тиіс. • Тілдер: қазақша / орысша / ағылшынша. Таратылым матеиалдарына кіргізілетін акпараттар, текстерің форматы, шрифты, түсі және қолданылатын суреттердің өлшемі және таратылым материалының жалпы дизайны тапсырыс берушімен келісілуі керек. Материалға қосылатын сайттың адресі I бөлімде (сайт құру) көрсетілген жұмыстың нәтижесі қолданылуы керек.	Лот 5	дана	500
6	Таргет	Таргетинг қызметтері • Лэндинг бетінің аудиті • Максатты аудиторияны талдау және сегментациялау • Бәсекелестерді талдау • Бет жүргізу бойынша ұсыныстар • Жарнамалық стратегия әзірлеу • Жарнамаға арналған макеттерді жасау • Жарнамалық мәтіндерді жазу • Жарнамалық кабинетте аудиторияларды құру • Facebook пикселін жасау және орнату (сайт болған жағдайда) • Instagram, TikTok беттерінде жарнаманы баптау және ілгерілету • Тестілік жарнамалық кампанияларды іске қосу • Жарнамалық кампаниялардың аналитикасы • Оптимизация және масштабтау	Лот 6	дана	4

		Жоба жетекшісі мен үш орындаушыға арналған таргетинг курсы бойынша оқыту (қолдау көрсету мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін) Таргет барысында қолданылатын материалдар тек тапсырыс берушімен келісіле отырып дайындалуы керек. Видео материал, электрондық форматтағы таратылым материалдары, сайтқа сілтеме және т.б. қосымша материалдарды тапсырыс берушімен келісіле отырып қолданылуы керек. Жарнамалық материалдар кемінде 4 ай жариялануы керек.			
7	Әлеуметтік желіде жарнамалау. Желілер (сілтеме және скриншот)	Қызмет көрсетудің мақсаты Қызмет көрсетудің мақсаты — брендтің танымалдығын арттыру, мақсатты аудиторияның қамтылуын көбейту, клиенттерді тарту және әлеуметтік желілер арналары (SMM — Social Media Marketing) арқылы сатылымдарды ұлғайту. Ілгерілету платформалары Қызметтер түрлі танымал әлеуметтік желілерді қамтиды. Контент түрлері: - ақпараттық - жарнамалық Жариялау тілдері: қазақша / орысша Таргеттелген жарнаманы баптау және іске қосу Жалғастыру уақыты 4 айға дейін. Барлық жарнама материалдары (видео материал, көрнекілік материалдар және өнімнің суреттері және т.б. қосымша материалдар) тапсырыс берушінің келісімімен дайындалп, қолданылуы керек.	Лот 7	дана	3
8	Өнімдерді базарларда орналастыру	Қызмет көрсету мазмұны Тауарлардың сату көлемін арттыру, мақсатты аудиторияны қамту және тауардың танымалдығын көтеру мақсатында электрондық сауда алаңдарында (маркетплейстерде) тауар карталарын кәсіби орналастыру және рәсімдеу қызметтері көрсетіледі. Орналастыру Қызмет әртүрлі онлайн-алаңдар мен маркетплейстерде жүзеге асырылады. Орындаушының міндеттері: - сатушының жеке кабинетін тіркеу немесе баптау - өнім туралы ақпаратты дайындау және/немесе бейімдеу - тауар сипаттамаларын құрастыру немесе түзету - SEO-оңтайландырылған атаулар мен кілт сөздерді әзірлеу - сипаттамалар мен фотоматериалдарды жүктеу - санаттарды, параметрлерді, логистиканы және бағаларды баптау - тауарды орналастыру және көрсетілімін сынақтан өткізу - модерацияны қадағалау және ескертулерді жою. Жарнамалау уақыты 4 ай бойы жалғастырылуы керек. Барлық жарнама материалдары (видео материал, көрнекілік материалдар және өнімнің суреттері және т.б. қосымша материалдар) тапсырыс берушінің келісімімен дайындалп, қолданылуы керек.	Лот 8	дана	1